

Ауданда әртүрлі сипаттағы ақылы қызмет түрлерімен шұғылданатын жеке тұлғалардан алынатын бір жолғы талондардың құнын белгілеу туралы

Күшін жойған

Батыс Қазақстан облысы Сырым аудандық мәслихатының 2008 жылғы 24 желтоқсандағы N 10-6 шешімі. Батыс Қазақстан облысы Сырым ауданы әділет басқармасында 2009 жылғы 20 қаңтарда N 7-10-55 тіркелді. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Сырым аудандық мәслихатының 2013 жылғы 28 маусымдағы № 12-11 шешімімен.

Ескерту. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Сырым аудандық мәслихатының 28.06.2013 № 12-11 шешімімен.

Қазақстан Республикасының "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Кодексі (Салық кодексі), "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының Кодексі (Салық кодексі) қолданысқа енгізу туралы" және "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Заңдарын басшылыққа ала отырып Сырым аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ЕТЕДІ:**

1. Сырым ауданында бір жолғы талон негізіндегі арнаулы салық режимінің талондардың құны 1 қосымшаға сәйкес белгіленсін.

2. Сырым ауданында біржолғы талон негізіндегі арнаулы салық режимінде қызметтерін базар аумағындағы дүңгіршектердегі, стационарлық үй-жайлардағы (оқшауланған блоктардағы) сауданы қоспағанда, базарларда тауарлар өткізу, жұмыстар орындау, қызметтер көрсету жөніндегі қызметтерді жүзеге асыратын жеке тұлғалар, дара кәсіпкерлер мен заңды тұлғалар үшін біржолғы талондардың құны 2 қосымшаға сәйкес белгіленсін.

3. Сырым аудандық мәслихатының 2005 жылғы 21 ақпандағы кезектен тыс XIV сессиясының "Ара-тұра сауда-саттықпен айналысатын жеке тұлғалардан алынатын бір жолғы талондардың құны туралы" N 14-3 (тіркеу N 2889), Сырым аудандық мәслихатының 2005 жылғы 21 ақпандағы "Ара-тұра сауда-саттықпен айналысатын жеке тұлғалардан алынатын бір жолғы талондардың құны туралы" N 14-3 шешіміне өзгеріс енгізу туралы" 2006 жылғы 24 ақпандағы N 23-5 (тіркеу N 7-10-17), (11.03.2006 ж. "Қайнар" газеті N 11), Сырым аудандық мәслихатының 2005 жылғы 21 ақпандағы "Ара-тұра сауда-саттықпен айналысатын жеке тұлғалардан алынатын бір жолғы талондардың құны туралы" N 14-3 шешіміне өзгеріс енгізу туралы" 2006 жылғы 30 қазандағы N 28-3 (тіркеу N 7-10-24), (18.11.2006 ж. "Қайнар" газеті N 47), Сырым аудандық мәслихатының 2005

жылғы 21 ақпандағы "Ара-тұра сауда-саттықпен айналысатын жеке тұлғалардан алынатын бір жолғы талондардың құны туралы" N 14-3 шешіміне өзгеріс енгізу туралы" 2008 жылғы 5 наурыздағы N 5-4 (тіркеу N 7-10-44), (01.04.2008 ж. " Қайнар" газеті N 26), шешімдерінің күші жойылсын.

4. Осы шешім алғаш ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Сырым аудандық мәслихаты сессиясының төрайымы

С.Отарова

Сырым аудандық мәслихатының хатшысы

А.Галимов

Аудандық мәслихаттың
кезекті X сессиясының
2008 жылғы 24 желтоқсандағы
N 10-6 шешімімен бекітілсін
1 қосымша

**Сырым ауданында біржолғы талон негізіндегі
арнаулы салық режимінде қызметтерін жүзеге
асыратын жеке тұлғалар үшін біржолғы талондардың
құны**

N	Қызметтің түрі	Аудан орталығында	Жергілікті округтерде
1	Сату (стационарлық үй-жайда жүзеге асырылатын қызметтерді қоспағанда);		
1)	Газеттер мен журналдар;	25 теңге 46 тиын	19 теңге 10 тиын
2)	Тұқым, сондай ақ отырғызылатын материал (екпелер, көшет)	152 теңге 76 тиын	152 теңге 76 тиын
3)	Бақша дақылдары	229 теңге 14 тиын	152 теңге 76 тиын
4)	Саяжайларда және үй маңындағы учаскелерде өсірілген тәбиғи гүлдер;	50 теңге 92 тиын	31 теңге 83 тиын
5)	Қосалқы ауыл шаруашылығы, бағбандық, бақшашылық және саяжай учаскелерінің өнімдер	229 теңге 14 тиын	152 теңге 76 тиын
6)	Жануарлар мен құстардың жемдері	63 теңге 65 тиын	31 теңге 83 тиын
7)	Сыпыртқылар, сыпырғылар, орман жидегін, бал, саңырауқұлақтар	38 теңге 19 тиын	19 теңге 10 тиын
8)	Балық сату	76 теңге 38 тиын	50 теңге 92 тиын
2	Жер учаскелерін өңдеу жөніндегі жеке трактор иелерінің қызмет көрсетулері	152 теңге 76 тиын	152 теңге 76 тиын

3	Үй жануарлары мен құстарын бағу	әрбір қара малға 0 теңге 13 тиын, әрбір қойға 0 теңге 06 тиын, құс түріне 0 теңге 03 тиын,	әрбір қара малға 0 теңге 13 тиын, әрбір қойға 0 теңге 06 тиын, құс түріне 0 теңге 03 тиын,
---	---------------------------------	--	--

Аудандық мәслихаттың
кезекті X сессиясының
2008 жылғы 24 желтоқсандағы
N 10-6 шешімімен бекітілсін
2 қосымша

Сырым ауданында біржолғы талон негізіндегі арнаулы салық режимінде қызметтерін базар аумағындағы дүңгіршектердегі, стационарлық үй-жайлардағы (оқшауланған блоктардағы) сауданы қоспағанда, базарларда тауарлар өткізу, жұмыстар орындау, қызметтер көрсету жөніндегі қызметтерді жүзеге асыратын жеке тұлғалар, дара кәсіпкерлер мен заңды тұлғалар үшін біржолғы талондардың құны

N	Қызметтің түрі	Аудан орталығында	Жергілікті округтерде
1	Азық түлік тауарлары:		
1)	Сөре арқылы сату	76 теңге 38 тиын	50 теңге 92 тиын
2)	Қолдан сату	76 теңге 38 тиын	50 теңге 92 тиын
3)	Ет сату	152 теңге 76 тиын	127 теңге 30 тиын
4)	Балық сату	76 теңге 38 тиын	50 теңге 92 тиын
5)	Сүт тағамдарын сату	25 теңге 46 тиын	19 теңге 10 тиын
2	Автокөліктен сату, соның ішінде:		
	жүк көліктен	152 теңге 76 тиын	127 теңге 30 тиын
	жеңіл көліктен	76 теңге 38 тиын	50 теңге 92 тиын
3	Өнеркәсіп тауарлары:		
1)	Сөреден сату	89 теңге 11 тиын	63 теңге 65 тиын
2)	Қолдан сату	89 теңге 11 тиын	63 теңге 65 тиын
3)	Автокөліктен сату, соның ішінде:		
	жүк көліктен	152 теңге 76 тиын	127 теңге 30 тиын
	жеңіл көліктен	76 теңге 38 тиын	50 теңге 92 тиын
4	Орындалатын жұмыс және көрсетілетін қызмет	229 теңге 14 тиын	229 теңге 14 тиын
5	Сату (стационарлық үй-жайда жүзеге асырылатын қызметтерді қоспағанда):		

1)	Газеттер мен журналдар	25 теңге 46 тиын	19 теңге 10 тиын
2)	Тұқым, сондай ақ отырғызылатын материал (екпелер, көшет)	152 теңге 76 тиын	152 теңге 76 тиын
3)	Бақша дақылдары	76 теңге 38 тиын	50 теңге 92 тиын
4)	Саяжай және үй жанында өсірілген тірі гүлдер	50 теңге 92 тиын	31 теңге 83 тиын
5)	Қосалқы ауыл шаруашылығы, бағбандық, бақшашылық және саяжай учаскелерінің өнімдер	229 теңге 14 тиын	152 теңге 76 тиын
6)	Жануарлар мен құстардың - ж е м - шөп	63 теңге 65 тиын 63 теңге 65 тиын	31 теңге 83 тиын 63 теңге 65 тиын
7)	Сыпырғылар, сыпыртқылар, орман жидектерін, бал, саңырауқұлақтар	38 теңге 19 тиын	19 теңге 10 тиын
6	Жер учаскелерін өңдеу жөніндегі жеке трактор иелерінің қызмет көрсетулері	152 теңге 76 тиын	152 теңге 76 тиын
7	Үй жануарлары мен құстарын бағу	әрбір қара малға 0 теңге 13 тиын, әрбір қойға 0 теңге 06 тиын, құс түріне 0 теңге 03 тиын,	әрбір қара малға 0 теңге 13 тиын, әрбір қойға 0 теңге 06 тиын, құс түріне 0 теңге 03 тиын,
8	Жолаушылар (лицензиялық тасымалдардан басқасы) тасымалдау бойынша жеке жеңіл автомобильдері иелерінің қызмет көрсетулері	127 теңге 30 тиын	101 теңге 84 тиын
9	Жеке трактормен және жүк автокөлігімен жүк тасу:		
	1 тоннаға дейін	152 теңге 76 тиын	152 теңге 76 тиын
	1,5-3,5 тоннаға дейін	190 теңге 95 тиын	190 теңге 95 тиын
	3,5-5,0 тоннаға дейін	254 теңге 60 тиын	254 теңге 60 тиын
	5,0-10,0 тоннаға дейін	763 теңге 80 тиын	763 теңге 80 тиын
	10,0 тоннадан жоғары	381 теңге 90 тиын	381 теңге 90 тиын